



Автор: Бисенова Данагул Сержановна
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен
Тақырып: Ғаламтор туралы

Ғаламтор туралы	Барлық оқушылар: мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. Көптеген оқушылар: шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады.
-----------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ғаламтор туралы (6.11.2019ж)	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Сиқырлы айналу» жылулық шеңбері. «Мен және аспан» Педагог балалардың назарын аспанның әдемілігіне аударады. Балалар аспандағы бұлттарды түрлі заттарға ұқсатып айтады; үлгілік ақша бұлттаға, жауар бұлттай түнерген аспанға, мейірімді жылы күнге, ай мен жұлдыздарға, қарлығашқа, бозторғайға, шымшыққа, бүркітке т.б. айналады. «Жалаулар» арқылы топқа бөлінеді. Оқушыларды қалаған жалауларын алып, 1,2,3 топтарға бөлініп отырады. 1-топ «Бақыт жалаулары» 2-топ «Арман жалаулары» 3-топ «Қуаныш жалаулары» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! «Сиқырлы кубизм» әдісі арқылы үй жұмысын сұрау. Жұптастырып айтқызу. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.</p> <p>Ширату тапсырмасы. Ойқозғау. – Барлық әлемді байланыстыратын жүйе? – Ғаламтордың пайдасы мен зияны қандай? Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда) «Көршіңе әңгімелеп бер» Бұл әдіс оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін пайдаланылады. Мағынаны ажырату. Білу (оқушы әдістер мен жұмыстың орындалу ретін біледі). Тақырыпты болжау. Мақсатқа сәйкес оқушыларға бағалау критерийін шығарту. Түсіну. Оқылым. 2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. «Аман мен телефон» Жұптық жұмыс. Жұптастыру. 3-тапсырма. Мәтіннің соңғы азат жолын қайталап оқы. Жазушымен келісесің бе? Түсіндір. Мәтін авторы туралы айт. 5-тапсырма. Өлеңді тыңда. «Ғаламтор туралы» Қолдану. Сергіту сәті. «Қыдырып қайтайық». Би билету. Топтық жұмыс. 1 топ. 6-тапсырма. Екі мәтіннің ұқсастығы неде? Айырмашылығы ше? Ғаламтор пен ұялы телефонның пайдасы мен зияны деген не? Бағалау критерийі: Қолдануға (практикалық) және бағалауға негізделген сұрақтар қоя алады және жауап бере алады. Бағалау: БК бойынша бағаланады. Бағалау: «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау. Қызыл түс пен сары түсті көтергендер не үшін көтергендерін түсіндіріп, ұсыныс, ескертулерін айтады. Дескриптор: мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау. Сұрақтарға жауап бер. Аманның қай іс-әрекеті саған ұнамады? Неліктен? Қалай ойлайсың, Аманның осындай болып өсуіне не әсер етті?</p>	<p>оқушыларды топқа бөлуге арналған суреттер.</p> <p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Белсенді оқу тапсырмалары. Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>